



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(Ұ. Тұмашинов, Е. Саиров,
Ж. Сүлейменова)

2023 жылғы 03 мамырдағы
№ DC-123 сауалга

Құрметті депутаттар!

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022 - 2025 жылдарға арналған шекара маңындағы аумақтарды дамыту бойынша Жол картасы (*бұдан әрі – Жол картасы*) әзірленді.

Жол картасына шекара маңы аумақтарының одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін қолдау шаралары, атап айтқанда инфрақұрылымды жақсарту, жұмыспен қамтуды арттыру, инвестициялық жобаларды іске асыру, көлік-логистикалық инфрақұрылымды, шекара маңы саудасын дамыту жөніндегі мәселелерді шешуге бағытталған нақты іс-шаралар және шекара маңы аумақтарында тұратын халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жағдайларын жасау жөніндегі басқа да іс-шаралар енгізілген.

Қазіргі уақытта, мұдделі орталық және жергілікті атқарушы органдармен шекара маңындағы аумақтарды жоспарлы тәртіппен дамыту бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Шекаралық аймақтарда еңбек ететін қызметкерлердің жалақысына 1,5 деген қосымша коэффициент қосуға және еңбек өтілінің 1 жылын 1,5 болып саналуына қатысты

Үкіметтің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 270 қаулысымен Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған Тұжырымдамасы (*бұдан әрі – тұжырымдама*) бекітілді.

Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында, шекара маңындағы аумақтарды дамыту мақсатында, еңбек тапшылығы бар өнірлердің шекара маңындағы ауылдық округтер тұрғындарының жалақысына үстемеақы енгізу бойынша іс-шара көзделген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшысының тапсырмасына сәйкес шекара маңы аумақтарын дамытуға

бағытталған нақты шаралар көздей отырып аталған тұжырымдамаға өзгерістер енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Шекаралық аймақтарда еңбек ететін бюджет салаларындағы қызметкерлерінің еңбек өтілінің 1 жылы 1,5 етіп бекіту мәселесі егжей-тегжейлі пысықтауды қажет етеді (*Еңбекминің пайымдауынша шекаралық аймақтарда еңбек ететін қызметкерлердің тек сол жерде тұрғаны үшін еңбек өтілінің 1 жылы 1,5 етіп бекіту тиімсіз болып табылады*). Аталған мәселе тұжырымдаманы қайта қарау барысында қосымша қаралатын болады.

Бұқтырма су қоймасының үстінен көпір салуга қатысты

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2020 жылдан бастап «Шығыс Қазақстан облысы Құршім ауданында Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін көпір өткелінің құрылышы» жобасын іске асыру жүргізілуде (бұдан әрі-Жоба). Жоспарланған 2 жолакты автомобиль көпірінің ұзындығы 1 316 метр, ені 12,2 метр).

Жобаның бастапқы құны 30,2 млрд теңгені құрады. Алайда, құрылыш материалдарының құнының өсуіне байланысты 2022 жылы осы көпір құрылышының жобалау-сметалық құжаттамасына түзету жүргізілді және жобаның құны 61,4 млрд теңгені құрады.

Қазіргі уақытта, көпірдің 21 тірегінің 7-үі тұрғызылды, айналма және технологиялық жолдар салынды, уақытша көпір салу жүргізілуде және металл конструкцияларды (*бас арқалықтар, домкрат арқалықтар, консольдық арқалықтар, көлденең байланыстар*) сатып алу жүзеге асырылуда.

2023 жылға дейін республикалық бюджеттен 18,8 млрд теңге бөлініп, толық игерілді.

Сонымен қатар, ағымдағы жылы жұмыстарды жалғастыру үшін республикалық бюджеттен 5,0 млрд теңге бөлініп, қазіргі танда 3,0 млрд теңгесі игерілді.

Бұдан басқа, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі тарапынан республикалық бюджет қаражаты есебінен қосымша 15 млрд теңге бөлуге ҚР ИИДМ-не бюджеттік өтінім жолданды. Қазіргі уақытта, бұл өтінім мүдделі мемлекеттік органдар мен қаралуда.

Жалпы, жоғарыда аталған мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында және оларды шешу бойынша жұмыстар одан әрі жалғастырылатын болады.

P. Склляр

*Орын. Балғабаев Б.
тел. 74 51 29*